

**Ақша-кредит саясаты және қаржылық тұрақтылық
саласындағы нормативтік құқықтық актілерге
құқықтық мониторинг жүргізу туралы есеп**

I. Кіріспе.

Заңнама саласының (кіші саласының) атауы:

Қазақстан Республикасының ақша-кредит саясатын жүзеге асыруды және қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуді реттейтін заңнама.

Заңнама саласын (кіші саласын) реттейтін нормативтік құқықтық актілердің тізбесі:

– «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» Қазақстан Республикасының заңы (бұдан әрі – *Ұлттық Банк туралы заң*, талданатын сала *Ұлттық Банк туралы заңның Ұлттық Банктің ақша-кредит саясаты саласындағы өкілеттіктері айқындалатын тікелей 8-бабының 1) тармақшасында, 15-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында, 6-тарауында, Ұлттық Банктің қаржылық тұрақтылық саласындағы өкілеттіктері айқындалатын 8-1-тарауында реттеледі*);

– «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығы (бұдан әрі – *Ұлттық Банк туралы ереже* (талданатын сала *қаржылық тұрақтылық бөлігінде Ұлттық Банк туралы ереженің тікелей 12-тармағының 1) тармақшасында, 13-тармағы 2) тармақшасының бірінші абзацында, 14-тармағының 1) тармақшасында, 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 1) тармақшасында, 19-тармағының екінші бөлігі бесінші абзацының 1), 2), 3) тармақшаларында, 20-тармағында реттеледі*, талданатын сала *қаржы ұйымдарын жүйелік маңызы бар ұйымдар қатарына жатқызу бөлігінде Ұлттық Банк туралы ереженің тікелей 19-тармағының екінші бөлігі төртінші абзацының 10) тармақшасында, макропруденциялық нормативтер мен лимиттерді белгілеу бөлігінде тікелей 19-тармағының екінші бөлігі бесінші абзацының 4) тармақшасында, екінші деңгейдегі банктерге соңғы сатыдағы қарыздар беру бөлігінде тікелей 14-тармағы 26-тармақшасының екінші абзацында, 19-тармағының екінші бөлігі төртінші абзацының б) тармақшасында реттеледі*);

– «Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы жөніндегі кеңес туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 18 желтоқсандағы № 220 Жарлығы;

– «Ең төмен резервтік талаптардың нормативтерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 2 шілдедегі № 118 қаулысы;

– «Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 229 қаулысы;

– «Қаржы ұйымдарын жүйелік маңызы бар ұйымдар қатарына жатқызу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 240 қаулысы;

– «Макропруденциялық нормативтер мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 25 тамыздағы № 52 қаулысы;

– «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін соңғы сатыдағы қарыздар туралы қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 5 мамырдағы № 62 және Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 5 мамырдағы № 56 бірлескен қаулысы.

Нысаналы топтар:

– екінші деңгейдегі банктер (ақша-кредит саясаты саласында және қаржы саласында);

- Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары (қаржылық тұрақтылық және ақша-кредит саясаты саласында);
- Ұлттық пошта операторы (ақша-кредит саясаты саласында);
- банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банктік шоттарын ашу мен жүргізуге құқығы бар және Қазақстан Ұлттық Банкінің операцияларына қолжетімділігі бар ұйымдар (ақша-кредит саясаты саласында);
- инфрақұрылымдық қаржы ұйымдары (қаржылық тұрақтылық саласында).

Заңнама саласының (кіші саласының) сипаттамасы, оның мемлекеттік басқару жүйесіндегі мақсаттары мен міндеттері, реттеу объектісі мен субъектісі.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ақша-кредит саясатын:

- ақша-кредит саясатын мақұлдау;
- инфляция бойынша орта мерзімді перспективаға нысаналы бағдарларды белгілеу;
- базалық мөлшерлемені белгілеу;
- ең төменгі резервтік талаптарды белгілеу арқылы іске асырады.

Ұлттық Банктің қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етуі:

- жүйелік тәуекелді барынша азайту, қаржы дағдарысының туындауын болғызбау және оның салдарларын барынша азайту мақсатында ведомствоаралық келісілген іс-қимылдар мен шешімдер кешенін қоса алғанда, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыру;

- қаржы ұйымдарын жүйелік маңызы бар ұйымдар қатарына жатқызуды қоса алғанда, макропруденциялық саясатты қалыптастыру, банктер, ҚР бейрезидент-банктерінің филиалдары үшін макропруденциялық нормативтер мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін белгілеу;

- ҚРҰБ-тың соңғы сатыдағы кредитор функциясын іске асыруы, соңғы сатыдағы қарыздарды беру және өтеу, сондай-ақ соңғы сатыдағы қарыз шарты бойынша қамтамасыз ету болып табылатын активтерді өндіріп алу тәртібін, шарттарын айқындауы арқылы жүзеге асырады.

Мақсаты: Қазақстан Республикасында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында ақша-кредит саясатын жүзеге асыру және қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету.

Міндеті: ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу, Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдерін төмендету үшін банктерді және бейрезидент-банктердің филиалдарын, сондай-ақ жүйелік маңызы бар қаржы ұйымдарын реттеуді нормативтік тұрғыдан қамтамасыз ету.

Объект: инфляция, өтімділік көлемі, қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдері. Қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдері деп бүкіл қаржы жүйесінің немесе оның бір бөлігінің қаржылық жай-күйінің нашарлауына алып келетін және (немесе) оның тұрақты жұмыс істеуіне нұқсан келтіретін қаржылық көрсетілетін қызметтердің ұсынылуын бұзу тәуекелдері түсініледі түсініледі.

Субъект: екінші деңгейдегі банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерінің филиалдары, Ұлттық пошта операторы, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, жеке және (немесе) заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банктік шоттарын ашу мен жүргізуге құқығы бар және Қазақстан Ұлттық Банкінің операцияларына қолжетімділігі бар ұйымдар, инфрақұрылымдық қаржы ұйымдары, жүйелік маңызы бар қаржы ұйымдар.

II. Заңнама саласын (кіші саласын) ретроспективті талдау

Р/с №	Заңнаманың талданатын кіші саласының уақытша кезеңі	Заңнамалық актінің атауы	Тұжырымдамалық сипаттағы енгізілген өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды сипаттау (заңнамалық актінің құрылымдық элементтерін көрсете отырып)	Түзету негіздері және бастапқыда айтылған мақсаттар	Нақты салдары (енгізілген түзетулердің нәтижелері)
Ақша-кредит саясаты саласындағы ретроспективті талдау					
1.	2021 – 2025 жж.	«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» ҚР Заңы	<p>Ұлттық Банк туралы заңда Қазақстан Ұлттық Банкі ақша-кредит саясатын айқындайтын және жүзеге асыратын бірден-бір орган болып табылатыны белгіленген. Қазақстан Ұлттық Банкі ақша-кредит саясатын баға тұрақтылығын қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырады.</p> <p>2021 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңымен Ұлттық Банк туралы заңға мынадай:</p> <ul style="list-style-type: none"> - инфляция бойынша нысаналы бағдарларды белгілеу бөлігінде ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының функцияларын кеңейтуге бағытталған өзгерістер енгізілді. 2019 жылға дейін Ұлттық Банк инфляция бойынша нысаналы бағдарларды Ұлттық Банк Басқармасының шешімімен бекітілетін ақша-кредит саясатының негізгі бағыттары шеңберінде белгілеген. Ұлттық Банк инфляция бойынша орта мерзімді нысаналы бағдарларды қамтитын Ақша-кредит саясаты стратегиясын әзірледі; - базалық мөлшерлеменің мәртебесін заңнамалық тұрғыдан бекітуге және ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесін алып тастауға бағытталған өзгерістер енгізілді. Аталған түзетулер 2015 жылғы тамыздан бастап ақша-кредит саясатының негізгі құралы базалық мөлшерлеме болып табылатын инфляциялық таргеттеу режиміне өтуге байланысты енгізілді. Базалық мөлшерлемені заңнамалық деңгейде ендіру азаматтық-құқықтық және әкімшілік-құқықтық қатынастарда залалды өтеу, жіберіп алған пайданы есептеу үшін өсімпұлдар, айыппұлдар есептеу кезінде қолданылатын «қайта қаржыландыру мөлшерлемесі» ұғымын алып тастауды талап етті; - Ұлттық Банктің жанынан арнайы алқалы органды – ақша-кредит саясатының аса маңызды мәселелері, ең алдымен базалық мөлшерлемені айқындау бойынша шешімдер қабылдайтын Ақша-кредит саясаты комитетін құруға бағытталған өзгерістер енгізілді. <p>2022-2024 жылдары ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу бөлігінде заңнамаға тұжырымдамалық өзгерістер енгізілген жоқ.</p> <p>2025 жылы «Мемлекеттік аппараттың қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы»</p>		

			<p>Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығын іске асыру үшін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2025 жылғы 30 маусымдағы № 205-VIII ҚРЗ Заңымен Ұлттық Банк туралы заңның 8 және 15-баптары қайта қаралды, Ұлттық Банктің функциялары мен өкілеттіктері регламенттелетін Ұлттық Банк туралы ереже жаңа редакцияда жазылды. Бұл ретте талданатын кіші саланы реттеу функциялары бөлігінде тұжырымдамалық жаңа өзгерістер енгізілген жоқ.</p> <p>2026 жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, байланыс және банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2026 жылғы 16 қаңтардағы № 259-VIII ҚРЗ Заңымен Ұлттық Банк туралы заңға 2026 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енетін ең төменгі резервтік талаптар (ЕРТ) тетігін жетілдіруге бағытталған мына өзгерістер:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Ұлттық пошта операторына және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, депозиттер қабылдау, жеке және (немесе) заңды тұлғаларға банк шоттарын ашу және оларды жүргізу құқығы бар және Қазақстан Ұлттық Банкінің операцияларына қолжетімділігі бар ұйымдарға ЕРТ (ЕРТ) қолдану; 2) Ұлттық пошта операторына қолданылатын ең төменгі резервтік талаптар нормативтерінің ерекшеліктері енгізілді. Мұндай ерекшеліктер Ұлттық пошта операторының акциялар пакетінің жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі болған жағдайда қолданылады. <p>Ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу бөлігіндегі ретроспективті талдау заңнама нормалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ақша-кредит саясатының мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетінін; - Қазақстан Республикасында ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу бөлігінде Ұлттық Банктің саясатын тиімді нормативтік қамтамасыз ететінін; - Үкіметтің экономикалық саясатын жүзеге асыруға жәрдемдесуді қамтамасыз ететінін және оның негізгі функцияларын орындауға және ақша-кредит саясатын жүзеге асыруға қайшы келмейтін бөлігінде оны іске асыруға ықпал ететінін көрсетеді.
Қаржы жүйесінің тұрақтылығы саласын ретроспективті талдау			
1.	2012 – 2025 жж.	Ұлттық Банк туралы заң	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін ұйымдастыру, қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 5 шілдедегі ҚР Заңымен Ұлттық Банк туралы заң «Қаржы жүйесінің

		<p>тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу» деген 8-1-тараумен (51-1, 51-2-баптар) толықтырылды. Бұл түзету ҚР Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 923 Жарлығымен мақұлданған ҚР қаржы секторын дағдарыстан кейінгі кезеңде дамыту тұжырымдамасына сәйкес жүйелік тәуекелдерді болғызбау мақсатында қабылданатын шаралар жүйесі көзделетін макропруденциялық тәсілді күшейту арқылы қаржы ұйымдарының қызметін және қаржы нарықтарының жұмыс істеуін реттеу мен қадағалауды жетілдіру мақсатында енгізілді.</p> <p>Атап айтқанда, Ұлттық Банк туралы заңның 51-1, 51-2-баптарында ҚРҰБ-тың қаржы жүйесінің тұрақтылығына ықпал ететін макроэкономикалық және макроқаржылық факторларға тұрақты мониторинг жүргізу; қаржы жүйесін макропруденциялық реттеуді жүзеге асыру; банктер үшін соңғы сатыдағы қарыз беруші ретінде әрекет ету; жүйе құраушы қаржы ұйымдары үшін пруденциялық нормативтерді және (немесе) сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді белгілеу; жүйелі қаржы дағдарысы туындаған немесе туындау қаупі төнген жағдайда, дербес немесе Үкіметпен бірлесіп қаржы ұйымдарының банк операцияларының және басқа операциялардың жекелеген түрлерін жүргізуге шектеулер енгізу құзыреті белгіленген; сондай-ақ макропруденциялық реттеу, қаржы жүйесінің, жүйе құраушы қаржы ұйымдарының жүйелік тәуекелдері ұғымдары енгізілді.</p> <p>«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне екінші деңгейдегі банктердің жұмыс істемейтін кредиттері мен активтері, қаржылық қызметтер көрсету және қаржы ұйымдары мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 24 қарашадағы ҚР Заңымен Ұлттық Банк туралы заңның 51-2-бабы ҚРҰБ-тың жүйе құраушы қаржы ұйымдарының тізімін қалыптастыру жөніндегі құзыретімен толықтырылды.</p> <p>«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау, қаржы ұйымдарының қызметін тәуекелге бағдарланған қадағалау, қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қызметін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2018 жылғы 2 шілдедегі ҚР Заңымен 51-1, 51-2-баптарға нақтылаушы түзетулер енгізілді, сондай-ақ бұл тарау ҚРҰБ-тың соңғы сатыдағы қарыздарды беру тәртібін регламенттейтін 51-3-баппен толықтырылды.</p> <p>«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын, микроқаржы қызметі мен салық салуды реттеу және дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2019 жылғы 3 шілдедегі ҚР Заңымен 51-1-бапқа ҚРҰБ, Үкімет және ҚНРДА-ның қаржы жүйесінің тұрақтылығы мәселелері бойынша өзара іс-қимылын көздейтін өзгерістер енгізілді, сондай-ақ ҚР</p>
--	--	---

		<p>Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылатын ҚР тұрақтылығы жөніндегі кеңесті (бұдан әрі – Кеңес) құру негізі қаланды, сондай-ақ Кеңестің құзыреті белгіленді. Осы Заңмен 51-2 және 51-3-баптарға нақтылайтын түзетулер енгізілді.</p> <p>«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғау, байланыс және артық заңнамалық регламенттеуді болдырмау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2025 жылғы 30 маусымдағы № 205-VIII ҚРЗ Заңымен ҚРҰБ-тың екінші деңгейдегі банктердің, ҚР бейрезидент-банктері филиалдарының жүйелік тәуекелдерін төмендету үшін макропруденциялық нормативтер мен лимиттерді белгілеу құзыреті белгіленді.</p> <p>«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу және дамыту, байланыс және банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2026 жылғы 16 қаңтардағы № 259-VIII ҚР Заңымен 51-3-бапқа өзгерістер енгізілді. Түзетулерде ҚРҰБ соңғы сатыдағы қарызды (бұдан әрі – ССҚ) бере алатын тұлғалар тобы шектеледі, олардың қатарына тек жүйелі маңызы бар банктер мен тұрақтандыру банкі ғана жатқызылған, ҚНРДА-ның ақпаратына сәйкес олардың банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаларға қарыз беру фактілері жоқ. ССҚ беру шарттары да өзгертілді, мәселен, ҚРҰБ Үкімет пен ҰБХ жүйелік маңызы бар банктің немесе ССҚ-ны алғысы келетін тұрақтандыру банкінің акциясын сатып алудан бас тарту туралы шешім қабылдағаннан кейін және Үкіметтің кепілдігімен ғана ССҚ беруге құқылы. ССҚ алған кезде де банк инвестицияларды жүзеге асырмауға, банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғаларға қарыз бермеуге, банк акционерлеріне дивидендтер есептемеуге және төлемеуге, банктің басшы қызметкерлеріне сыйақылар мен бонустар есептемеуге міндеттеме алады.</p> <p>Жоғарыда аталған барлық өзгерістер қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша ҚРҰБ, Үкімет, ҚНРДА функцияларын іске асырудың кешенді құқықтық негізін қалыптастырды, қаржы дағдарысының туындауын болдырмау және оның салдарын барынша азайту, қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдерін азайту мақсатында мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін институционалдық ара-жігін ажыратуды қамтамасыз етті.</p> <p>Осылайша, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуді реттейтін заңнама ретроспективті талдау заңнаманың нормалары:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу саласындағы құқықтық реттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетінін;
--	--	---

			- Ұлттық Банктің қаржылық тұрақтылық саясатын тиімді нормативтік қамтамасыз етуді қамтамасыз ететінін білдіреді.
--	--	--	--

III. Стратегиялық мақсаттар мен нысаналы индикаторларды талдау

Р/с №	Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжатының немесе өзге де жоспарлау құжатының атауы	Мақсаты (Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжатына немесе өзге жоспарлау құжатына сәйкес қол жеткізу қажетті нәтиже)	Қолданыстағы не мақсатты іске асыру үшін қабылданған немесе әзірленетін нормативтік құқықтық актінің атауы (нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементін, нормативтік құқықтық актінің жобасын көрсете отырып)	Мақсатқа қол жеткізуге бағытталған не ықпал ететін нормалардың мазмұны туралы мәліметтер (құқықтық құралдар)	Мақсаттарға қол жеткізу тұрғысынан құқық нормаларын бағалау (нормативтік реттеу оларға қаншалықты қол жеткізуге мүмкіндік бергеніне қарай). * Қажетті құқық нормалары/құқықтық құралдар болмаған жағдайда, тиісті ұсыныстар әзірленеді
Ақша-кредит саясаты саласындағы стратегиялық мақсаттар мен нысаналы индикаторларды талдау					
1	Қазақстан Ұлттық Банкінің 2024–2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспары (Қазақстан Ұлттық Банкі Төрағасының 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 259 бұйрығымен бекітілген)	Инфляция деңгейі: 2024 жыл – 7,5-9,5%, 2025 жыл – 5,5-7,5%	-	Ақша-кредит саясаты комитетінің «Базалық мөлшерлемені белгілеу туралы» қаулылары (НҚА емес) «Ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 2 шілдедегі № 118 қаулысы «Ең төменгі резервтік талаптар туралы қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан	Ақша-кредит саясатын нысаналы инфляция деңгейіне қол жеткізу мақсатында іске асыру нормативтік құқықтық реттеу арқылы емес, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қабылдайтын шешімдері мен жүргізетін операциялары арқылы қамтамасыз етіледі. Қолданыстағы құқық нормалары

				<p>Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 229 қаулысы</p>	<p>мандат пен өкілеттіктерді бекітеді, алайда инфляциялық процестерге тікелей ықпал етуге бағытталмаған.</p> <p>Ақша-кредит саясатының негізгі құралы – базалық мөлшерлеме, ол инфляция деңгейін төмендету үшін қажетті ақша-кредит саясатының қалыпты қатаңдығын қамтамасыз етеді.</p> <p>Ең төменгі резервтік талаптардың нормативтері және оларды қалыптастыру шарттары өтімділіктің құрылымдық профициті жағдайында трансмиссиялық тетіктің тиімділігін арттыруға және алынатын өтімділік көлемін төмендетуге ықпал етеді.</p>
<p>Қаржылық тұрақтылық саласындағы стратегиялық мақсаттар мен нысаналы индикаторларды талдау</p>					
<p>Ұлттық Банк Төрағасының 2023 жылғы 28 желтоқсандағы № 259 бұйрығымен бекітілген Ұлттық Банктің 2024-2028 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу мәселелері бойынша жекелеген стратегиялық мақсат (нысаналы</p>					

индикатор) және оны іске асыру, оның ішінде макропруденциялық саясатты іске асыру бойынша Ұлттық Банк қабылдайтын шаралар көзделмеген.

IV. Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттардан туындайтын міндеттемелердің орындалуын талдау

р/с №	Халықаралық шарттың атауы	Қазақстан Республикасының міндеттемесі (халықаралық шарттың құрылымдық элементін көрсете отырып)	Қолданыстағы нормативтік құқықтық актінің не орындалуы үшін қабылданған немесе әзірленетін міндеттеменің атауы (нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементін, нормативтік құқықтық актінің жобасын көрсете отырып)	Міндеттемелерді орындауға бағытталған не ықпал ететін нормалардың мазмұны туралы мәліметтер (құқықтық құралдар) * Қажетті құқық нормалары/құқықтық құралдар болмаған жағдайда тиісті ұсыныстар әзірленеді
-------	---------------------------	--	---	--

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу және қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету бойынша Қазақстанның міндеттемелері жоқ. Тікелей міндеттемелердің болмауы реттелетін мәселелердің ерекшелігімен байланысты.

V. Құқық қолдану тәжірибесін талдау

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Нормативтік -құқықтық актінің құрылымдық элементі	Проблемалық сұрақтардың сипаттамасы	Ақпарат көзі	Қабылданған немесе қабылданатын шаралар
Ақша саясаты саласындағы құқық қолдану практикасын талдау					
1.	«Ұлттық Банк туралы» Заң; 1) «Ең төмен резервтік талаптардың нормативтерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 2 шілдедегі № 118 қаулысы, 2) «Ең төмен резервтік талаптар туралы»	Ақша-кредит саясатын әзірлеу және жүргізу мәселелерін реттейтін нормалар	Жалпы алғанда, Заңның және Қазақстан Ұлттық Банкінің ведомстволық НҚА-ларының нормаларын іске асыру кезінде құқық қолдану практикасының бірізділігі қамтамасыз етіледі. Қазақстан Ұлттық Банкіне жүгінетін негізгі мәселелер: – залалды өтеу үшін өсімпұлдар, айыппұлдар есептеу, жіберіп алған пайданы есептеу кезінде азаматтық-құқықтық және әкімшілік-құқықтық қатынастарда пайдаланылатын базалық мөлшерлеменің деңгейі туралы мәліметтер; – базалық мөлшерлеме деңгейін және жүргізіліп отырған ақша-кредит саясатын	«Е-Отinish» ақпараттық жүйесі	2025 жыл ішінде Қазақстан Ұлттық Банкіне жеке және заңды тұлғалардан Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатын жүзеге асыру мәселелері бойынша 46 сұрату келіп түсті. Жеке және заңды тұлғалардың

	қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 229 қаулысы		негіздейтін факторларға (инфляция факторлары және т.б.) қатысты мәселелер.		жолданымдары бойынша Ұлттық Банк базалық мөлшерлеменің деңгейі және Ұлттық Банктің қабылдаған шешімдері бойынша түсіндірмелер береді, бұл Қазақстан Ұлттық Банкі коммуникациялық саясатының ажырамас бөлігі болып табылады. Түсіндіру сипатындағы шаралар жеке және заңды тұлғалардың сұрауларын қамтиды және қосымша іс-шараларды жүргізуді талап етпейді.
Қаржылық тұрақтылық саласындағы құқық қолдану практикасын талдау					
2.	«Ұлттық Банк туралы» Заң; «Қаржы ұйымдарын жүйелік маңызы бар ұйымдар қатарына жатқызу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының	Қаржы ұйымдарын жүйе құрушы маңызы бар қатарға жатқызу тәртібін регламенттейтін нормалар	Жалпы ҚРҰБ-тың НҚА нормаларын іске асыру кезінде біркелкі құқық қолдану практикасы қамтамасыз етіледі. Бұл ретте реттеу субъектілері Ұлттық Банкке заңнаманың жекелеген нормаларын түсіндіру үшін жүгінеді. Әдетте келіп түсетін сұратулар жекелеген заңды тұлғалардың нақты жағдайына байланысты болады.	«e-Otinish» ақпараттық жүйесі	2025 жылы қаржы ұйымдарын жүйелі маңызы бар ұйымдардың қатарына жатқызу тәртібі мәселелері бойынша жолданымдар түскен жоқ.

	ң 2019 жылғы 23 желтоқсандағы №240 қаулысы				
3.	«Ұлттық Банктуралы» Заң; «Макропруденциялық нормативтер мен лимиттерді, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 25 тамыздағы №52 қаулысы	Қарыз алушының борыштық жүктемесінің коэффициентін және қарыз алушының кірісіне қатысты борыш коэффициенті есептеуді регламенттейтін нормалар	Жалпы ҚРҰБ-тің НҚА нормаларын іске асыру кезінде біркелкі құқық қолдану практикасы қамтамасыз етіледі. Бұл ретте реттеу субъектілері ҚРҰБ-қа заңнаманың жекелеген нормаларын түсіндіру үшін жүгінеді. Әдетте келіп түскен сұратулар жекелеген заңды тұлғалардың нақты жағдайына байланысты болады.	«e-Otinish» ақпараттық жүйесі, ресми сұратулар	2025 жылы ҚРҰБ-қа жеке және заңды тұлғалардан қарыз алушының борыштық жүктемесінің коэффициентін және қарыз алушының кірісіне қатысты борыш коэффициентін есептеу мәселелері бойынша 3 жолданым түсті. Жеке және заңды тұлғалардың жолданымдары бойынша ҚРҰБ жолданымдарда сұралатын заңнама нормаларына түсіндірме береді. Түсіндіру сипатындағы шаралар жеке және заңды тұлғалардың сұратуларын жабады және қосымша іс-шаралар өткізуді талап етпейді.
4.	«Ұлттық Банктуралы» Заң;	ҚРҰБ-тың соңғы сатыдағы	Жалпы ҚРҰБ-тің НҚА нормаларын іске асыру кезінде		Есепті кезеңде жеке және заңды

<p>«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі беретін соңғы сатыдағы қарыздар туралы қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 5 мамырдағы № 62 және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2020 жылғы 5 мамырдағы № 56 бірлескен қаулысы</p>	<p>қарыздарды екінші деңгейдегі банктерге беру тәртібін реттейтін нормалар</p>	<p>біркелкі құқық қолдану практикасы қамтамасыз етіледі.</p> <p>Бұл ретте реттеу субъектілері ҚРҰБ-қа заңнаманың жекелеген нормаларын түсіндіру үшін жүгінеді. Әдетте келіп түскен сұратулар жекелеген заңды тұлғалардың нақты жағдайына байланысты болады.</p>		<p>тұлғалардан соңғы сатыдағы қарыздарды беру мәселелері бойынша өтініштер келіп түскен жоқ.</p>
---	--	---	--	--

VI. Заңнама саласының (кіші саланың) тұрақтылық дәрежесін талдау

№ р/с	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілген нормативтік құқықтық актінің атауы	Өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізілген нормативтік құқықтық актінің құрылымдық элементі	Енгізілген өзгеріс пен (немесе) толықтырудың негіздемесі
Конституциялық заңдар, кодекстер, шоғырландырылған заңдар, заңдар				
1.	Ұлттық Банк туралы заң	«ҚР кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын дамыту, қаржы көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың	Өзгерістер «Ұлттық Банк туралы» заңның 51-2-бабын екінші	ҚРҰБ функциялары мен міндеттерін нақтылау және макропруденциялық саясат құралдарын бөліп көрсету мақсатында.

		<p>құқықтарын қорғау, байланыс және артық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар туралы» 2025 жылғы 30 маусымдағы № 205-VIII ҚР Заңы</p>	<p>деңгейдегі банктердің, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктері филиалдарының жүйелі тәуекелдерін төмендету үшін экономикалық шектеулер болып табылатын макропруденциялық нормативтер мен лимиттерді белгілеу бойынша ҚРҰБ құзыретін көздейтін 1-1) тармақшасымен толықтыруға қатысты болды</p>	<p>Қолданыстағы заңнамаға сәйкес ҚРҰБ-қа қаржы жүйесінің жүйелік тәуекелдерін төмендетуге бағытталған макропруденциялық саясатты қалыптастыру жөніндегі мандат жүктелді. Сонымен қатар Ұлттық Банк туралы Заңға түзетулер енгізілгенге дейін ҚРҰБ-қа макропруденциялық саясат құралдарын белгілеуге мүмкіндік беретін нормалар болмаған. ХВҚ ұсынымдарына сәйкес жүйелік тәуекелдерге мақсатты және тиімді әсер ету үшін қолдануға болатын құралдарды макропруденциялық органның тікелей бақылауына жатқызу керек. Аталған орган осындай құралдарды барынша тиімді пайдалануды қамтамасыз ету үшін нақты макропруденциялық мандаты және жедел тәуелсіздігі болуы тиіс.</p> <p>Осылайша, бұрын банктік реттеудің барлық құралдары пруденциялық нормативтер ретінде қарастырылып, «Банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңында, сондай-ақ ҚРҰБ Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысында бекітілді, банктік реттеу құралдары Ұлттық Банк пен ҚНРДА бөлінген кезде пруденциялық нормативтерді белгілеуге уәкілетті орган ретінде ҚНРДА-ның құзыретіне жатқызылды.</p>
Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтары				
-				

Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық қаулылары				
-				
Ведомстволық нормативтік құқықтық актілер				
2.	«Ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 2 шілдедегі № 118 қаулысы	«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының кейбір қаулыларына ең төмен резервтік талаптар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2025 жылғы 25 шілдедегі № 44 қаулысы	1, 1-1 және 1-2-тармақтары	Өзгерістер ЕТРТ нормативтерін жыл ішінде кезең-кезеңімен мақсатты деңгейге дейін арттыру мақсатында енгізілді: теңгедегі міндеттемелер бойынша – 3,5% және 5%, валюталық міндеттемелер бойынша – 10% және 15%, сондай-ақ банктердің экономиканы кредиттеуге қатысуын ынталандыру шараларын көздейді.
3.	«Ең төменгі резервтік талаптар туралы қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 229 қаулысы		Кіріспе, 1, 3, 7, 7-1, 7-2, 7-3, 9, 10-тармақтар, 13-тармақтың 2) тармақшасы, 1, 2, 3, 3-1 және 4-қосымшалар	Өзгерістер ЕТРТ есептеу үшін қабылданатын банктердің міндеттемелері үшін мерзімдер бойынша бөлмеу, резервтік міндеттемелер базасын кеңейту, резервтік активтерде касса деңгейін ЕТРТ-дан 25%-ға дейін төмендету мақсатында енгізілді. Сонымен қатар Үкіметтің 2025 жылғы 28 қаңтардағы № 25-01-7.1 кеңейтілген отырысы хаттамасының 2.2-тармағында бекітілген Президенттің тапсырмасын орындау мақсатында банктерді бұрын алған мемлекеттік қолдау қаражатын мерзімінен бұрын қайтаруға ынталандыру мақсатында өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.
Саланың тұрақтылық дәрежесі: 2,47 (тұрақты құқықтық реттеу)				

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 471 бұйрығымен бекітілген құқықтық мониторинг жүргізу қағидаларының 29-тармағына сәйкес құқықтық реттеудің тұрақтылық дәрежесін айқындау кезеңі **құқықтық мониторинг жүргізілетін жылдың алдындағы жыл** болады.

Көрсетілген норманы басшылыққа ала отырып, талданатын кіші саланың тұрақтылық индексі есептеу кезінде **2025 жыл** ішінде өзгерістер мен толықтырулар енгізілген заңнамалық және заңға тәуелді актілердің саны ескерілді.

2025 жылы «Мемлекеттік аппарат қызметін бюрократиядан арылту жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 872 Жарлығын іске асыру шеңберінде Ұлттық Банктің функциялары мен өкілеттіктерін регламенттейтін Ұлттық Банк туралы заңның 8 және 15-баптары қайта қаралып, Ұлттық Банк туралы ереже жаңа редакцияда жазылды. Бұл ретте талданатын кіші саланы реттеу функциялары бөлігінде нормалардың бір бөлігі Ұлттық Банк туралы заңнан Ұлттық Банк туралы ережеге (атап айтқанда, ең төменгі резервтік талаптар туралы қағидаларды бекіту және ең төменгі резервтік талаптардың нормативтерін белгілеу жөніндегі өкілеттіктер) ауыстырылды. Аталған өзгерістер ҚРҰБ қызметін бюрократиядан арылту мақсатында енгізіліп, ақша-кредит саясаты саласында қандай да бір өзгерістерді көздемегендіктен, олар **төменде келтірілген саланың тұрақтылық индекстерін есептеу кезінде ескерілген жоқ.**

«Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы жөніндегі кеңес туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 18 желтоқсандағы № 220 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылатын және Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету мәселелері бойынша ведомствоаралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы жөніндегі кеңес туралы ереже, сондай-ақ оның құрамы бекітілді.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Қаржылық тұрақтылығы жөніндегі кеңес (бұдан әрі - Кеңес) мүшесі лауазымының атауын нақтылауға байланысты, оған сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің әлеуметтік-экономикалық мәселелерге жетекшілік ететін кеңесшісі лауазымы «Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылығы жөніндегі кеңес туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 18 желтоқсандағы № 220 Жарлығына өзгеріс енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2025 жылғы 27 қыркүйектегі № 1018 Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары лауазымына ауыстырылды, Кеңесінің құрамына өзгерістер енгізілді.

Енгізілген өзгерістер Кеңес мүшесі лауазымының атауына қатысты екенін және қаржылық тұрақтылық саласын реттеуді қозғамайтынын ескере отырып, көрсетілген түзетулер **саланың тұрақтылық индекстерінің төмендегі есебінде ескерілмеген.**

Анықтама үшін.

Заңнама саласының (кіші саланың) тұрақтылық индексі заңнама саласын (кіші саланың) реттейтін нормативтік құқықтық актілер түрлерінің тұрақтылығын қосу арқылы мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S_{жалты} = S_Z + S_U + S_{PP} + S_V,$$

мұнда:

S_{жалты} – сала (кіші сала) заңнамасының тұрақтылық индексі;

S_Z – сала (кіші сала) заңнамасын реттейтін заңдардың тұрақтылық индексі;

S_U – Қазақстан Республикасы Президентінің нормативтік құқықтық жарлықтарының сала (кіші сала) заңнамасын реттейтін тұрақтылық индексі;

S_{PP} – Қазақстан Республикасы Үкіметінің нормативтік құқықтық жарлықтарының сала (кіші сала) заңнамасын реттейтін тұрақтылық индексі

S_V – ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің сала (кіші сала) заңнамасын реттейтін тұрақтылық индексі.

Заңнама саласын (сала тармағын) реттейтін заңдардың тұрақтылық индексі мынадай формула бойынша айқындалды:

$$S_z = \frac{A_z/B_z}{55} * 100,$$

мұнда:

$A_z = 1$ (Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізген заңдардың саны);

$B_z = 1$ (заңнама саласын реттейтін заңдардың жалпы саны)

55 – нормативтік құқықтық акт түрінің пайыздық мәні.

Мәселен,

$$S_z = (1/1)/55 * 100 = 1,8$$

Заңнаманың саласын (кіші саланы) реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің тұрақтылық индексі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$S_v = \frac{A_v/B_v}{30} * 100,$$

мұнда:

$A_v = 1$ (заңнаманың саласын (кіші саласын) реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің саны);

$B_{vv} = 5$ (заңнаманың саласын (кіші саласын) реттейтін ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің жалпы саны);

30 – нормативтік құқықтық акт түрінің пайыздық мәні.

Мәселен,

$$S_v = (1/5)/30 * 100 = 0,67$$

$$S_{жалпы} = 1,8 + 0 + 0 + 0,67 = 2,47$$

VII. Құқықтық талдау

Р/с №	Құқықтық мониторинг жүргізу барысында анықталған нормативтік-құқықтық актінің түрі, қабылданған күні, нөмірі және атауы	Нормативтік-құқықтық актінің құрылымдық элементі (бабы, тармағы, тармақшасы, абзацы, бөлігі)	Анықталған кемшіліктің сипаттамасы	Анықталған кемшіліктерді жою бойынша қабылданатын немесе қабылданған шаралар (оның ішінде нормативтік-құқықтық акт жобасының атауы, әзірлеу немесе келісу сатысы)
1	2	3	4	5
Қайшы келетін нормалар				
1	-			
Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келмейтін нормалар				
2	-			
Ескірген нормалар				

3	-			
Сыбайлас жемқорлыққа бейім нормалар				
4	-			
Қайталанатын нормалар				
5	-			
Құқық нормаларындағы олқылықтар				
6	-			
Артық бланкеттік және сілтемелік нормалардың болуы				
7	-			
Өзге де (бар болған жағдайда)				
8	-			
Жиыны: (анықталған құқықтық кемшіліктердің саны): 0				

VIII. Қорытындылар мен ұсыныстар

Ақша-кредит саясатын әзірлеу мен жүргізуді, сондай-ақ қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету саласында реттеу функцияларын жүзеге асыруды реттейтін заңнамаға жүргізілген талдау жалпы алғанда нормативтік реттеудің тиімділігін көрсетеді және осы салада нормативтік құқықтық базаның қалыптастырылғандығы мен жеткіліктілігін куәландырады.

Нормативтік құқықтық актілерге енгізілетін өзгерістердің серпіні саланың тұрақты құқықтық реттелуін көрсетеді. Талданатын кіші саланы реттейтін заңнамаға өзгерістер енгізу бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ ведомстволық актілерді жоғары тұрған НҚА-ға сәйкес келтіру мақсатында жүргізілетін ақша-кредит саясатының тиімділігін арттыру, оның ішінде оның трансмиссиясын жақсарту қажеттілігіне негізделген.

Талданатын салада Ұлттық Банктің құзыреті шегінде **реттеуде тұжырымдамалық олқылықтар**, құқық қолдану практикасындағы проблемалық мәселелер, қаржы нарығының субъектілері үшін нормативтік кедергілер **байқалмады**.

Ақша-кредит саясатын әзірлеу және іске асыруға байланысты мәселелердің елеулі бөлігі құқықтық сипаттамасы бойынша нормативтік құқықтық актілерді қабылдауды талап етпейді, өйткені бұл процестер негізінен талдамалық, болжамдық және операциялық сипатқа ие және белгісіз тұлғалар тобының құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталмаған, сондай-ақ қоғамдық қатынастар саласына әсер етпейтінін атап өтеміз. Осыған байланысты ақша-кредит саясаты саласындағы шешімдер Ұлттық Банктің ішкі қызметі шеңберінде қабылданады және нормативтік емес құқықтық актілермен бекітіледі. Ерекше жағдай ретінде ең төмен резервтік талаптарды белгілеу мәселелерін айтуға болады, оларды реттеу қаржы нарығының белгілі бір субъектілерінде міндеттемелердің туындауына байланысты нормативтік бекітуді көздейді.

Сонымен қатар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығын реттеу мен дамыту, байланыс және банкроттық мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2026 жылғы 16 қаңтардағы Заңның шеңберінде «Ең төмен резервтік талаптардың нормативтерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 2 шілдедегі № 118 және «Ең төмен резервтік талаптар туралы қағидаларды бекіту туралы» 2019 жылғы 29 қарашадағы № 229 қаулыларына түзетулер қабылданды (акт Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуде), атап айтқанда мыналар:

1) ЕТРТ-ның Ұлттық пошта операторына және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын, депозиттер қабылдауды, жеке және (немесе) заңды тұлғаларға банк шоттарын ашуды және оларды жүргізуді жүзеге асыру құқығы бар және Қазақстан Ұлттық Банкінің операцияларына қолжетімділігі бар ұйымдарға қолданылуы көзделеді;

2) Ұлттық пошта операторына қолданылатын ең төмен резервтік талаптар нормативтерінің ерекшеліктері көзделеді. Мұндай ерекшеліктер Ұлттық пошта операторының акциялар пакетінің жүз пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке тиесілі болған жағдайда қолданылады.

Аталған шаралар құқық қолдану практикасына негізделген және Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатын әзірлеуі мен жүзеге асыруын құқықтық реттеуді жетілдіруге бағытталған.

Сондай-ақ Ұлттық Банк туралы заңға енгізілетін өзгерістердің серпіні Қазақстан Республикасында қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету саласындағы құқықтық реттеудің дәйекті жетілдірілгенін көрсетеді.

Сонымен қатар мемлекеттің жүйелік маңызы бар банк пен тұрақтандыру банкі реттеу тетігін одан әрі жетілдіру мақсатында «Банктер және банк қызметі туралы» ҚР жаңа Заңында көзделген тетіктерді ескере отырып, актілерді қабылдауды/жетілдіруді жалғастыру қажет.

IX. Құқық нормаларының анықталған кемшіліктерін жоюға бағытталған шаралар туралы ақпарат.

Р/с №	Актінің атауы	Тұжырымдалған ұсыныс	Іске асыру мерзімі
	Кемшіліктер анықталған жоқ		

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
Төрағасының орынбасары**

Б. Жаленов



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.